

ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

- ✚ Жаңадан тіл үйрену үшін ол тілмен күнде айналысу керек. Әсіресе егер қолайлы болса, таңертеңгі уақыттар пайдалырақ болады. Уақыт жетпей жатса, тіпті 10-15 минут бөліп, бірнәрсе оқу керек немесе өткен сөздерді қайталау керек.
- ✚ Тіл үйренуге деген құлшыныс тез бәсеңсіп қала беретін болса, өз-өзіңізді жалықтырмайтын бір тәсіл ойлап табыңыз. Мысалы үйреніп жатқан тіліңізде әр түрлі кітаптар мен журналдар қарап, оқып, сөздерді, сөйлемдерді қайталап, есіңізде сақтауға тырысыңыз, музыка тыңдаңыз, фильм қараңыз, кішкене демалып серуендеп қайтыңыз, содан кейін әрі жалғастырыңыз. Бірақ, ешқашан тастап кетпеңіз.
- ✚ Сөздерді жекелеп, жеке жаттамаңыз. Мәтіндеп, яғни тұтас сөйлем ретінде жаттауға тырысыңыз. Мысалы «келе жатырмын, айтып келдім», бір сөзді есіңізге түсіргенде екінші сөз өзі автоматты, жаттанды түрде келеді.
- ✚ Сөйлемдерді жазып жүрудің, және оларды көп қолдануға тырысудың пайдасы зор. Мұндай әрекет сіздің жаңадан үйренген тіліңізде сауатты жазуға деген мүмкіншілігіңіз.
- ✚ Көрген нәрсеңіздің барлығын іштей аударып жүріңіз. Мысалы көшедегі жарнамалардың мәтіндерін, дүкендердің атауларын, көшедегі билбордтардағы жазулар, өлеңдердің сөздерін, газет мақалаларының тақырыптарын т.б. Бұл мида жаттықтырады, жатталған сөздер қолданыс таба бастайды.
- ✚ Кішкентай мәтіндерді, диалогтарды жаттап алу пайдалы. Болмаса балаңызбен шағын тақпақтар жаттаңыз, сізге қарап өз балаңызда бойын түзеп, тіл үйренуге деген қызығушылығы оянады. Бірақ жаттаған мәтіннің дұрыс, яғни қатесіз жазылғанына көз жеткізіңіз.
- ✚ Қолданыстағы фразеологиялар мен сөз тіркестерін де міндетті түрде жазып алып, жаттап алу керек.

